



Мүсіркеуді білмейтін сұм ажал ұзақ жылдар бойы білім мен спорт саласына өлшеусіз еңбек сіңірген ардақты ұстазымыз

Шайхиев Кәкімжан Отарбайұлын ортамыздан ойып алып кетті. Кәкімжан Отарбайұлы 1965 жылдың 15 маусымында Атырау облысы, Теңіз ауданы, Морской селолық кеңесінде дүниеге келген.1982 жылы мектепті тәмамдап, сол жылы Гурьев педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, 1985 жылы ойдағыдай аяқтаған. Еңбек жолын туған жеріндегі Еңбекші жалпы орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі ретінде бастап, кейіннен дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып ұзақ жылдар бойы абыроймен еңбек етті. Осы мектепте 40 жылға жуық уақыт жас ұрпаққа білім мен тәрбие беріп, шәкірттерін спортқа, салауатты өмір салтына бауылды.

Кәкімжан ағай — талапшыл да мейірімді ұстаз, өз ісіне адал маман еді. Оның шәкірттері аудандық, облыстық, тіпті республикалық туризм мен тоғызқұмалақ жарыстарында жүдделі орындарға ие болып, мектептің мерейін асырып, ұстаз еңбегінің жемісін көрсетті.

Кәкімжан Отарбайұлы — шәкіртке үлгі, отбасына қамқор, ұрпақ тәрбиелеп отырған абзал әке, асыл жар, мейірімді ата болды. Сабырлы мінезі мен адамгершілігі, еңбексүйгіш болмысы жүректерімізде мәңгі сақталады.

Жақсы адам — еліне жарық шырақ. Ардақты ағайдың жарқын бейнесі мен ұлағатқа толы өмір жолы ұмытылмайды. Жаныңыз жәннатта болсын, рухыңыз нұрға бөленсін...

Марқұмның отбасы мен ағайындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Еңбекші жалпы орта мектебінің ұжымы және кәсіподақ ұйымы

Панфилов атындағы жалпы орта мектебі ұжымы және кәсіподақ ұйымы кіші қызметкер Зиноллаев Нұрбақыт пен Жолмуханова Ақмаралға ағалары **Какимнің, атасының** дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тұрсынов Асланға қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі және кәсіподақ ұйымы ұжымдасымыз Ниеткалиева Шынарға анасы **Шокилова Күлжиянның** кенеттен қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады



Еске алушылар: ата-анасы Қасиет-Алтынай, аға-інісі Руслан, Рафазль

Панфилов атындағы жалпы орта мектебі ұжымы және кәсіподақ ұйымы мектептің әлеуметтік педагогі Мағзомқызы Дарияға нағашы апасы **Ларисаның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Гагарин атындағы жалпы орта мектебі ұжымы және кәсіподақ ұйымы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Зинулина Әселге атасы **Зинуллин Сұңғаттың,** қызметкер Қайыржанова Эльмираға әкесі **Қайыржанов Өтегеннің** қайтыс болуларына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«PRO Explore Mining Co., Ltd.» ЖК ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 12.12.2025 жылы сағат 15:00-де Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Дынғызыл а.о., Физат Әліпов ауылы, Жаңа Құрылыс көшесі, 12-үй мекенжайы бойынша «Қазақстан Республикасының Атырау облысында орналасқан Қиғаш учаскесінде көмірсутектерді іздеу жөніндегі барлау жұмыстары» жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, 46°28'00 с.е. 49°20'00 ш.б.

ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы қосылу үшін шақыру сілтемесі: https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWJdtlzHkmQoqFvfPG.1 Конференция идентификаторы: 984 078 7984 Қатынас коды: 123456 Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87024190246 телефонына хабарласуға болады. Тапсырыс беруші: «Pro Explore Mining Co., Ltd.» ЖК. БСН: 240940900682. Мекен-жайы: Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 51/6 үй, 60 пәтер.

Жобаны әзірлеуші: «EcoSmart» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Нұра ауданы, Санжар Асфендияров көшесі, 3 үй, 180 пәтер, электрондық пошта: gul_shat_k@mail.ru, тел.: 87024190246. Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін байланыс деректері: gul_shat_k@mail.ru, 87024190246. Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошта мекенжайы: Жергілікті атқарушы орган — «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, пошта мекенжайы: 060011, Атырау облысы, Атырау қ., Айтеке би көшесі, 77, электрондық пошта: atr.priroda@atyrau.gov.kz, Тел.: 8(7122)32-55-09.

Жобалық құжаттамамен Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz), сондай-ақ жергілікті атқарушы органның сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru танысуға болады. Барлық ескертулер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулардың басталуынан 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) қабылданады.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ЧК «Pro Explore Mining Co., Ltd.» в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК сообщает, что 12.12.2025 года 15:00 ч. по адресу: Атырауская область, Курмангазинский район, Дынгызылский с.о., а. Гизата Алипова, улица Жаңа Құрылыс, дом 12, проводятся общественные слушания в формате открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду к «Проекту разведочных работ по поиску углеводородов на участке Кигаш, расположенного в Атырауской области Республики Казахстан».

Географические координаты территории воздействия: Атырауская обл., Курмангазинский район, 46°28'00 с.ш. 49°20'00 в.д.

Ссылка приглашения для подключения посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM: https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWJdtlzHkmQoqFvfPG.1 Идентификатор конференции: 984 078 7984 Код доступа: 123456

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87024190246. Заказчик: ЧК «Pro Explore Mining Co., Ltd.». БИН: 240940900682. Адрес: г. Астана, пр. Мангилик ел, д. 51/6, кв. 60. Разработчик проекта — ТОО «EcoSmart», Республика Казахстан, город Астана, район Нұра, ул. Санжара Асфендиярова, дом 3, кв. 180, электронная почта: gul_shat_k@mail.ru тел.: 87024190246.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: gul_shat_k@mail.ru, 87024190246.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Местный исполнительный орган — ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», почтовый адрес: 060011, Атырауская область, г. Атырау, улица Айтеке би, 77, электронный адрес: atr.priroda@atyrau.gov.kz Тел.: 8(7122)32-55-09.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД (ndbecology.gov.kz.), а также на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД (ndbecology.gov.kz.)

САЙЛАУ – 2025

ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ АЗҒЫР ЖӘНЕ СҮЙІНДІК АУЫЛДЫҚ ОҚРУГТЕР ӘКІМДЕРІ САЙЛАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ХАБАРЫ

2025 жылғы 2 қарашаға Құрманғазы ауданы Азғыр және Сүйіндік ауылдық округтерi әкiмдерiнiң сайлауы өттi. Құрманғазы аудандық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабы 9) тармақшасы, 44-бабы, 113-10-бабына сәйкес, Құрманғазы ауданы Азғыр және Сүйіндік ауылдық округтері әкімдерінің сайлауының қорытындысы туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау нәтижелерін белгіледі:

Азғыр ауылдық округі бойынша дауысқа түскен кандидаттардың жалпы саны – 3, сайлаушылар тізіміне 1224 азамат енгізілді, олардың ішінде дауыс бергендер саны – 710. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс берген сайлаушылардың саны – 58, «Бәріне қарсымын» белгісіне белгі салғандар саны – 11. Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Ажғұлов Талант Бабажановичке – 59 Галиханов Амангелди Галихановичке – 101 Гумаров Арон Кисметовичке – 516

Азғыр ауылдық округінің әкімі болып «Аманат» партиясы Құрманғазы аудандық филиалынан ұсынылған Гумаров Арон Кисметович, 1986 жылы туған, «Атырау облысы Құрманғазы ауданы Азғыр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, Атырау облысы Құрманғазы ауданы Азғыр ауылдық округі Балқұдық ауылының тұрғыны сайланды.

Сүйіндік ауылдық округі бойынша дауысқа түскен кандидаттардың жалпы саны – 3, сайлаушылар тізіміне 1486 азамат енгізілді, олардың ішінде дауыс бергендер саны – 814. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс берген сайлаушылардың саны – 23, «Бәріне қарсымын» белгісіне белгі салғандар саны – 17.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Ажигерев Мерей Есенгедиевичке – 139 Есимов Наурызбек Абуовичке – 62 Мендешов Думан Тұрарбекұлына – 577

Сүйіндік ауылдық округінің әкімі болып «Аманат» партиясы Құрманғазы аудандық филиалынан ұсынылған Мендешов Думан Тұрарбекұлы, 1994 жылы туған, «Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Батырбек ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мекеметтік мекемесінің меңгерушісі, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы Батырбек ауылының тұрғыны сайланды.

Өмір деген бір орнында тұрмайды, Бұл тіршілік түбі терең зырлайды. Өлшеп берген тағдыры бар әркімнің, Қош деп бір күн қолын бір сәт бұлғайды.

Бір Алланың әміріне бағынып, Еске аламыз көздің жасы ағылып. Рухыңызға ас беруді ардақтап, Жүрміз, бауыр, бір өзіңді сағынып.

Бір Алланың қабыл алып әмірін, Біздер үшін қымбат әркез қадірің. Жатқан жеріңіз жайлы болып жұмақта, Иманыңды жолдас етсін тәңірім.

Шаңырағымызға түскен орны толмас қайғымызға ортақтасып, басымызды сүйеген ағайын-туыс, құда-жекжат, қолдау білдірген барша жамағатқа, к ө р ш і - к ө л е м д е р г е ризашылығымызды білдіре отырып, сүйікті ұлымыз, қимас бауырымыз, ардақты әке, асыл жар

Сарсенов Роман Қасиетұлының өмірден өткеніне қырық күндік батасы Құрманғазы ауылы, «Бауыржан» мейрамханасында 9-00 -ден бастап оқылатынын және еске алу мен құран бағыштау дастарханы 2025 жылдың 22 қараша күні «Бауыржан» мейрамханасында сағат 12-00-де жайылатынын хабарлаймыз.



Мекен-жайымыз: Құрманғазы ауданы Үлкен кіресті, Өркениет көшесі, №123 үй

Шаңырағымызға түскен орны толмас ауыр қайғымызға ортақтасып, бас сүйеген ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, ұжымдастар, к ө р ш і - к ө л е м д е р г е ризашылығымызды білдіре отырып, әулетіміздің ұйытқысы болған ағамыз, немере-жиендерінің сүйікті атасы

Абдекешов Жеткенбек Жасұланұлының

40 күндік қадесі 2025 жылдың 14 қараша күні өтетінін барша жамағатқа хабарлаймыз.

Шаңырағымызға түскен орны толмас ауыр қайғымызға ортақтасып, бас сүйеген ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран,ұжымдастар, көрші-көлемдерге ризашылығымызды білдіре отырып, аяулы ана, қимас бауыр, немере-жиендерінің сүйікті әжесі

Телеуғали келіні Муса зайыбы Күлбаева Әмина (Нағима) Дүйсенғалиқызының 100 күндік қадесі 16 қараша күні ұлы Әділбектің шаңырағында өтетінін хабарлаймыз.

Мекен-жайымыз: Кіші кресті, М.Жолжанов көшесі, 21 үй



ДЕНСАУЛЫҚ

ТУБЕРКУЛЕЗ БҰЛА ЕЖЕЛДЕН КЕЛЕ ЖАТЫРҒАН ҚАБЫНБАЛЫ ӨКПЕ МЕН ЛИМФА ТҮЙІНДІЛЕРІНДЕ ПАЙДА БОЛАТЫН ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР ЖӘНЕ ӨЛЕМДЕ КӨП ТАРАЛҒАН ИНФЕКЦИЯЛАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ТУБЕРКУЛЕЗ ТЕК ӨКПЕ АУРУЫ ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР АДАМНЫҢ БАРЛЫҚ АҒЗАСЫ-СҮЙЕК, БҮЙРЕК, МИ МЕН МИДЫҢ ҚАБЫҒЫ, ТЕРІ, КӨЗ БЕН БАСҚА ДА АҒЗАЛАРЫН ЗАҚЫМДАЙДЫ. СОНЫҢ ІШІНДЕ ӨКПЕ ТУБЕРКУЛЕЗІ ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ.

ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Туберкулез дегеніміз — бұл туберкулездің микробактериялары тудыратын және науқас адамнан сау адамға сөйлегенде, жөтелгенде және түшкіргенде ауа арқылы берілетін инфекциялық ауру. Ауру жұқтырудың басты көзі — бұл туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микробактериялар шығаратын науқас адам болып табылады. Науқас адам жөтелгенде қақырықпен, түшкіргенде, сөйлегенде ауада таралып, көптеген жылдар бойы тіршілік ете береді, сыртқы ортаға миллиондаған бактерия бөледі. Туберкулез инфекциясының ошағы — бұл бактерия бөлетін туберкулезбен ауыратын науқастың тұратын, оқитын, жұмыс жасайтын және демалатын орны болып табылады. Науқас адам тұратын жерде сақтық шаралары мен санитарлық талаптарды сақтау өте маңызды. Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, онда ол айналасындағы адамдарға қауіпсіз болып саналады. Туберкулезге шапдығудың факторларын айта кететін болсақ, ол — дұрыс тамақтанбау, уақытында ұйықтамау, күйзеліс, маскүнемдік, шылымқорлық, нашақорлық, т.б факторлар болып табылады.

Аурудың алдын алудың алғашқы және өте маңызды қадамы туберкулезге қарсы екпе алу болып табылады. Бұл екпе әрбір жаңа туылаған сау нәрестеге перзентханада екі-төрт күн ішінде жасалады. Екпе балаларға аурудың жұғуы мен аурушандықты төмендетуге ықпал етіп, аурудың жаппай жұғуынан сақтандырады. Туберкулезге қарсы иммунитет жағдайын бақылау және балалар ауруды алғаш жұқтырған сәтін анықтау үшін Манту сынамасы қойылады. Онымен туберкулез ауруының ошағында байланыста болған, екі айдан асқан, жастағы, қауіпті топта диспансерлік есепте тұрған балалар тексеріледі. Балаларды БЦЖ туберкулинге қарсы егу, жыл сайын флюорографиялық тексеруден өту, салауатты өмір салтын сақтау, толыққанды дәрумендерге бай тағамдарды тұтыну, уақытылы ұйықтау, таза ауаға көп шығу, жеке тазалық ережесін сақтау, қолды, ыдысты тазартқыш құралдарын пайдалана отырып жуу, бөлмені жиі желдету, етпен сүт тағамдарын міндетті түрде термиялық өңдеуден өткізу екпе дертінен қорғауға көмектеседі.

Г.ҚОЖАХМЕТОВА,

аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ АЗҒЫР ЖӘНЕ СҮЙІНДІК АУЫЛДЫҚ ОҚРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАР

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес Құрманғазы аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Құрманғазы ауданы Азғыр және Сүйіндік ауылдық округтері әкімдерін тіркегендігі туралы хабарлайды:

Азғыр ауылдық округінің әкімі болып Гумаров Арон Кисметович, 1986 жылы туған, «Атырау облысы Құрманғазы ауданы Азғыр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, Атырау облысы Құрманғазы ауданы Азғыр ауылдық округі Балқұдық ауылының тұрғыны тіркелді.

Сүйіндік ауылдық округінің әкімі болып Мендешов Думан Тұрарбекұлы, 1994 жылы туған, «Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Батырбек ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы Сүйіндік ауылдық округі Батырбек ауылының тұрғыны тіркелді.

Құрманғазы аудандық аумақтық сайлау комиссиясы